

**6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін
Кенебаев Аманкелди Турғамбековичтің «Жоңышқаның *M.sativa L.* және *M. varia Mart.* түрлеріне жататын тек
қорының селекция мақсатына озық ұлгілерін іріктең алу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

№ р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Мал азықтық құндылығы жоғары көпжылдық шөптердің жоғары өнімді: көп мәрте шабылатын, суару жағдайында жылдам қайта өсетін жоңышқаның; азот түзу қабілеті жоғары, қуаңшылыққа төзімді эспарцет пен түйежоңышқаның; далалық және шөлейт аймақтарға бейімделген ерекшөптің сорттарын шығару» (Жобаның тіркеу нөмірі: 0118PK01209); - «Селекциялық үдерісті қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтауды, толықтыруды, қалпына келтіру және тиімді пайдалануды зерттеу және қамтамасыздандыру», (Жобаның тіркеу нөмірі: BR10765017);
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Алғаш рет жоңышқаның бастапқы ұлгілерінде генеративті органдардың маңызды қасиеттері сипатталды: өзін-өзі тозандандыру, ұрықтануға байланысты тұқым байлау қабілеті және бөліп алынған ұлгілерді пайдаланып, жаңа сорт шығару процесіне қатысу. Осы көрсеткіштерге байланысты потенциалды тұқым өнімділігі және оны жүзеге асыру деңгейі теориялық түрғыдан анықталды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Кенебаев Аманкелди Турғамбекович диссертациялық жұмысын жоғары деңгейде жазған. Докторант зертханалық және далалық тәжірибе жұмыстарын жүргізуге тікелей қатысып, жиналған

			ғылыми деректерді талдаудан өткізген, диссертация орындалуы және мақалалардың жарық көруі ізденушінің үлесіне тиісті.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген;	Диссертацияның өзектілігі толықтай негізделген. Жаңа сорт шығару селекциясы және оны өндіріске енгізу өзекті де тұрақты проблемалардың бірі болып табылады. Жаңа шығарылған сорттар қосымша шығынсыз өнімді 15-20% арттыруға жол ашады. Сондықтан осы ретте ген қорын селекцияда тиімді пайдалану тақырыптың өзектілігін айқындайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толығымен айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты: жонышқаның шаруашылық құнды белгілерінің көрсеткіштері бойынша селекцияға қажет озық үлгілерді іріктеп алу. Осы мақсатқа сәйкес міндеттер қойылған: жонышқа топтамасының ең озық үлгілерін селекциялық құнды белгілерімен қасиеттері және өнімділігі бойынша іріктеп алу; селекциялық белгілерді бағалауды әр орым бойынша және жонышқаның өсу жылына байланысты талдау; жонышқа үлгілерінің ауруға төзімділігін анықтау; жонышқа топтамасының арасынан тұқым өнімділігі бойынша озық үлгілерді іріктеу; жонышқа селекциясын тиімді дамыту үшін зерттелген топтама арасынан бастапқы материалды іріктеу және селекция бағытына байланысты пайдалану.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жазылған. Диссертация кіріспеден және негізгі бөлімнен, қортындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады. Негізгі бөлім 7 тарауға жіктелген. Диссертацияның жалпы көлемі 132 бетті құрайды. Аталмыш жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен

			тікелей және толық байланысты, ғылыми нәтижелер логикалық түрде өзара байланысты, қолжазба жақсы құрылымдалған және диссертация тақырыбын толық ашады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;		Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа әдістер бұрыннан белгілі әдістермен салыстырғанда дәлелденіп, бағаланады. Зерттеу нәтижелері дәлелденген. Оларда шетелдік және отандық ғалымдардың заманауи зерттеулерімен сілтемелер бере отырып байланысын анықтаған, сынни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу барысында алғынған нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып келеді. Негізгі ғылыми нәтижелер Scopus базасына кіретін OnLine Journal of Biological Sciences. DOI: https://doi.org/10.3844/obsci.2022.237.246 ; Agrivita Journal of Agricultural Science. DOI: http://doi.org/10.17503/agrivita.v43i2.2894 жарияланған, сонымен қатар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» ұсынған отандық ғылыми журналдарда да жарық көрген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;		Зерттеу нәтижелерінің негізінде жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және мақсат пен міндеттерді орындауда толық негізделген бе? 1) толығымен жаңа;		Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және мақсат пен міндеттерді орындауда толық негізделген.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген	Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми деректер, қорытындылар мен ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми түрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә;</p>	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең. Диссертацияның негізгі қағидаттары толығымен докторанттың ғылыми мақалаларында дәлелденген. Диссертацияның тақырыбына сәйкес жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша 8 ғылыми жұмыс әртүрлі басылымдарда, атап айтканда шетелдік және жоғары процентильді ғылыми журналдарда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» ұсынған отандық ғылыми журналдарда, халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Диссертация тақырыбы бойынша зерттеулерді докторант заманауи технологиялық және аналитикалық әдістерді қолдана отырып жүргізген. Жұмыстың әдістемесі кеңінен танымал және дәлелденген ғылыми тәсілдерге негізделген. Ізденуші таңдаған әдістер сапалы және мүқият сипатталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен	Деректер статистикалық өндөуден өткен, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы түрлі диаграммалар, кестелер, сызбалар құрастырылған.

		<p>деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) иә;</p>	
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә;</p>	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: алынған нәтижелердің статистикалық өндеуі жүргізілген, ғылыми негіздері зертханалық және далалық зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>	Диссертацияда маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, докторанттың маңызды ұстанымдары ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы дәлелденген.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі 162 дереккөзді құрайды және әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә;</p>	Жонышқаның шаруашылық құнды белгілерінің көрсеткіштері бойынша селекцияға қажет озық үлгілерді ірікten алудың теориялық маңызы жоғары.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә;	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижесінде бөлініп алынған құнды бастапқы материалдар сорт шығаруда пайдаланылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық зерттеулер аясында алынған ғылыми нәтижелер негізінде ұсынылып отырған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа деуге болады, таңдалған тақырыпқа байланысты зерттеу жұмысының тәжірибелік ұсыныстары оған дейін ұсынылмаған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертация білікті де мазмұнды жазылған, толық аяқталған ғылыми еңбек болып саналады. Жұмыстың жазылуы, рәсемделуі талапқа сәйкес келеді. Академиялық жазу сапасы жоғары. Докторант А.Т. Кенебаевтың «Жоңышқаның <i>M.sativa L.</i> және <i>M.varia Mart.</i> түрлеріне жататын тек қорының селекция маңатына озық үлгілерін ірікten алу» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы PhD диссертацияларға қойылатын «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді.

Шешім: 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша Кенебаев Аманкелди Турғамбекович философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС
Басқарма төрағасының ғылым жөніндегі орынбасары,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР АШҒА академигі

Гүләнис Сарабекова
затверділ, оғис-жемеджі
20.06.2023 г.



Нассеев

СМ

У.М. Сагалбеков

Е. Гириченко